

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша ҚР ҰБ және ИПБ басқаруындағы инвестициялық портфельдер

"БЖЗК" АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) enpf.kz сайтындағы "Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі - ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ҚРҰБ пен ИПБ-лардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – **25 827,24 млрд теңге**. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері **25 105,71 млрд теңге¹** болды. **ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы** жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі – **641,00 млрд теңге**.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **80,53 млрд теңге**.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

2025 жылғы 1 қарашада **МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін** инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,08%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,33%, шет мемлекеттердің МБҚ – 2,29%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,23%, ҚРҰБ депозиттері – 2,10%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,94%, МҚҰ - 1,24%,.

2025 жылғы 1 қарашадағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 57,50%, АҚШ долларымен – 42,50%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер – 1 628,93 млрд теңге. Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс – 64,57 млрд теңге, сыртқы басқарудағы активтер бойынша алынған кіріс, оның ішінде бағамдық қайта бағалау есебімен – 610,06 млрд теңге, өзге кірістер - 5,35 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болды.

2024 жылдың қарашасынан бастап 2025 жылдың қазанына дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 2,82 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 12,58%, инфляция мөлшері – 12,60%.

¹ зейнетақы жарналары мен төлемдер шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

2025 жылғы 1 қарашадағы **ЖМЗЖ** инвестициялау бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 97,59%, ҚРҰБ депозиттері – 2,16%, инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат - 0,25%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады.

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі 7,51% көрсетті.

Зейнетақы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан, инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаған жөн. Жекелеген кезеңдерде шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығына, қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне, сондай-ақ инфляцияның ықпалына байланысты кірістіліктің төмендеуі байқалуы мүмкін. Кейбір құралдар бойынша алынған кіріс басқа құралдар бойынша уақытша шығындарды жабатын инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жылдағы инвестициялық кіріс тұрақты түрде өсіп, зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түсті.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** және инвестициялық қызметке шолу БЖЗК-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша **портфель құрылымы** туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі **80,53 млрд теңгеден** асады.

01.11.2025ж. жағдай бойынша **"Alatau City Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – **13,95 млрд теңге**.

Компанияның негізгі инвестициялары: ҚР ҚМ МБҚ – 16,93%, РЕПО – 16,37%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 16,29%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 15,17%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 10,63%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 10,63%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 5,77%, МҚҰ – 5,47%, шет мемлекеттердің МБҚ – 2,59%. Атап кетейік, портфельдің 76,19% теңгемен, 22,51% - АҚШ долларымен, 1,30% - басқа валюталарда ұсынылған.

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,04% болды.

"Alatau City Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.11.2025ж. жағдай бойынша **"Halyk Global Markets" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **7,51 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: кері РЕПО (күнгізбелік 90 күннен аспайтын) – 53,87%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 15,12%, ҚР ЕДБ облигациялары – 7,65%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 6,67%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 4,58%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 4,36%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 3,58%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 2,03%,

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 86,79%, АҚШ долларымен 13,21% тең.

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,26% болды.

"Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.11.2025ж. жағдай бойынша **"BCC Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері - шамамен **9,41 млрд теңге**.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ЕДБ облигациялары – 21,50%, ҚР ҚМ МБҚ – 18,41%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 16,49%, РЕПО – 14,87%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 12,27%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 9,51%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар – портфельдің 71,87%, АҚШ долларымен 28,13%.

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 12,23% болды.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

01.11.2025ж. жағдай бойынша **"Сентрас Секьюритиз" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен **3,74 млрд теңге**.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларына – 21,44%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 15,34%, ҚР ЕДБ облигациялары – 14,08%, ҚР ҚМ МБҚ-ға 12,95%, РЕПО – 11,50%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 7,20%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 3,14%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхатары – 3,13% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 69,93%, АҚШ долларында – 30,07% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 18,20% болды.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген [егжей-тегжейлі құрылымы](#) БЖЗК сайтында ұсынылған.

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша **"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен **45,92 млрд теңге** болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен көп емес) – 26,55%, ҚР ҚМ МБҚ – 19,77%, ҚР ЕДБ облигациялары – 8,42%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 8,01%, МҚҰ – 6,67%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 6,44%, шет мемлекеттердің МБҚ – 5,97%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 5,63%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 3,90%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 3,85%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,69%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 65,46%, АҚШ долларында – 34,54% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,15% болды.

"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Nalyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген **егжей-тегжейлі құрылымы** БЖЗК сайтында ұсынылған.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50%-дан аспайтын бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмастан бере алады. Ал ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшыларға оны ИПБ-ға 100% көлемінде беруге болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).